



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 13/39
1 сәуір



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ VIII САЙЛАНҒАН ПАРЛАМЕНТТІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ



Президент VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясын ашық деп жариялаған соң сайлауда жеңіске жетіп, депутат мандатына ие болған азаматтардың қызметіне табыс тіледі.

Мемлекет басшысы бір жылдың ішінде еліміздің қоғамдық-саяси өмірінде болған негізгі өзгерістерге тоқталып, жүзеге асырылған реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидасына негізделгенін атап өтті.

– Бұл қағида – мемлекетіміздің басты тірегі. Референдумнан кейін Конституцияның жаңа талаптарына сай билік тармақтарын түгел жаңғыртуға кірістік. Халықтың да көптен күткені осы еді. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауы, Сенат, Мәжіліс

және мәслихаттар сайлауы өтті. Референдумды қосқанда бір жылға жуық уақыттың ішінде өте маңызды бес саяси науқан өткізілді. Оның бәрі аса күрделі кезеңге тұспа-тұс келді. Қаншалықты күрделі болса да, біз еліміз үшін өте қажет жолды қысқа мерзім ішінде жүріп өттік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы сайланған депутаттарды ел мүддесі үшін жұмыла жұмыс істеуге шақырып, Отанымызды өркендету жолында жасалатын өзгерістер әлі де жалғасатынын айтты.

– Бұл – ұзақ жолдың басы ғана. Реформалар жалғаса береді, саяси құрылымды жетілдіру қажет. Бұл – аса маңызды жұмыс. Биыл алғаш рет 45 аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей

сайлау өтеді. Содан кейін еліміздегі барлық аудан әкімдерін сайлайтын боламыз. Осылайша, биліктің барлық институттары жаңарып, тың қарқынмен жұмыс істей бастайды. Біз саяси үдерісті демократияландырып, азаматтардың мемлекетті басқару ісіне қатысу мүмкіндігін кеңейте береміз. Бәріміз мына бір өте маңызды нәрсені түсінуіміз керек. Қазақстан – осы геосаяси аймақта түбегейлі реформа жүргізіп жатқан бірден-бір ел. Оның бәрі, ең алдымен, ел болашағы үшін айрықша маңызды, – деді Президент. Осы орайда Мемлекет басшысы депутаттарға бір ғана маңызды міндет жүктелетінін, яғни әрдайым өзгерістердің бел ортасында болу керек екенін атап өтіп, олардың маңызды шешімдер қа-

былдайтынын және сол үшін жұрт алдында жауап беретінін айтты.

Президент еліміздің негізгі басымдықтарына тоқталып, Парламенттің алдағы жұмысы туралы ойларын ортаға салды. Атап айтқанда, Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында іскерлік белсенділікті ынталандыру, еліміздің өндірістік әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адам капиталының сапасын арттыру, әлеуметтік тұрғыдан осал топтағы азаматтарды қолдау, адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, мемлекеттік басқарудың тиімділігін және стратегиялық жоспарлаудың сапасын көтеру мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ аталған мәселелердің аясында Үкіметке бірқатар тапсырмалар беріп, Парламент тиісті заң жобаларын қабылдау қажет екендігін айтты. Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, реформалардан кейін депутаттардың өкілеттігі біршама кеңейгенін, қос палатаның жұмысына бірқатар өзгеріс енгізілгенін атап өтті. Оның айтуынша, бұрын заң жобасын Мәжіліс мақұлдап, Сенат қабылдайтын. Енді заң қабылдау құзыреті Мәжіліске берілді. Мәжіліс басқа да артықшылыққа ие болды. Осылайша, жоғары өкілді орган шын мәнінде ықпалды Парламентке айналды.

akorda.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖАРЛЫҒЫМЕН ӘЛИХАН СМАЙЫЛОВ ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Әлихан Смайыловты ҚР Премьер-Министрі лауазымына тағайындау туралы Жарлыққа қол қойды.

«Әлихан Асханұлы Смайылов Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі лауазымына тағайындалсын», — делінген Мемлекет басшысының Жарлығында.

primeminister.kz



ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУІ



2023-жылғы 31-наурыз күні Приозерск қаласының әкімі Сапар Қайыркенұлы Сатаев «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығында қала тұрғындарымен кездесу өткізді. Кездесуге қаладағы барлық кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, жастар және баспасөз өкілдерімен қатар құқық қорғау салалары басшылары да қатысты.

Қала әкімі 2022-жылдан бергі уақыттағы қала бойынша барлық салаларда атқарылған жұмыстардағы жетістіктер мен кемшіліктер жөнінде халыққа баяндады. Онда әлеуметтік азық-түліктер бағасын тұрақтандыру, жылу беру науқаны және қазандақ жұмысы, тұрғын үй құрылысы мен жөндеу, «Арай» ЖШС, «Приозерск ЖилСервис» ЖШС мен «Сарышаған су-жылу» ЖШС қызметтері туралы, аты аталған серіктестіктердің биылғы жылы атқаруға тиіс жұмыстары жайлы айта келіп, «Өздеріңізге белгілі, ағымдағы жылдың 19-наурызында өткен ҚР Мәжіліс Парламенті мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауында 11 сайлау округі бойынша қалалық мәслихаттың депутатылығына 22 кандидат қатысты. Сайлауда басым дауысқа ие болған 11 депутаттарымыз бүгін ортамызда. Халықтың талап-тілегін тындап, мәселелерін шешу үшін біз – жергілікті өкілді және атқарушы орган болып бірлесіп жұмыс жасаймыз деген сенімдемін. Осы сайлауда белсенділік көрсетіп, азаматтық ұстаным танытқандарыңызға ризашылығымды білдіремін», - деді. Сосын жиналғандар назарларына қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша 2022-жылдың 12 айының қорытындысы мен ағымдағы жылға арналған жоспарлар туралы есебін баяндады.

Өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда төмендеген, себебі «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің руда құрамындағы қорғасын концентратының үлесі төмендеген. Аталған көрсеткіш «Ер-Тай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Қосқұдық» жаңа кен орнын ашуына байланысты ағымдағы жылдың соңына дейін орындалатынын мәлімдеді.

Қалада 803 шағын және орта бизнес субъектілері жұмыс істейді. Жұмыспен қамтылғандар саны 1 562 адам. Жұмыспен қамту көрсеткіші 3,3 пайызға артты.

2022-жылы «Кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025-жылдарға арналған ұлттық жобасы» шеңберінде 165 млн.теңге сомасына 38 жоба

іске асырылып, 28 адам жұмыспен қамтылған. Ал, ағымдағы жылы 189 млн.теңге сомасына 40 жоба іске асырылып, 32 адамды жұмыспен қамту жоспарлануда екен. Сонымен қатар, 82 млн.теңге сомасына 5 шағын және орта кәсіпкерлік нысан іске қосылады деп күтілуде.

Сонымен қатар сауда, агроөнеркәсіп, құрылыс жұмыстары, тұрғындар үшін өте өзекті болған тұрғын үй-коммуналдық мәселелері туралы баяндады. Атап айтқанда – өткен және ағымдағы жылдардың жылыту кезеңі штаттық режимде өтуде екенін,

2022-2023-жылдардағы жылыту кезеңіне дайындық барысында бірқатар іс-шаралар өткізілгенін, соның ішінде: кеңейтілген - №1 және №5 қазандықтарды ағымдағы жөндеу; жылу алмастырғыштарды монтаждау (таблетка); бу тізбегіне d-1700 мм алты цилиндрлік жылу алмастырғыштан тұратын блоктарды монтаждау (құбырлы экономайзер); қоректік желіні ауыстыру; қуаты 500 кВт деаэрация тізбегінде салқындатуға арналған екі цилиндрлік жылу алмастырғыштан блоктарды монтаждау жұмыстары атқарылған.

Жаңғырту бойынша жүргізілген барлық жұмыстар жылу шығынын азайтуға және жылумен жабдықтауды жақсартуға бағытталған. 2023-2024-ж.ж. жылу беру маусымына дайындық барысында ағымдағы жылы 2 дана жаңа жылуалмастырғыш орнатылды (ПСВ-200 және ПСВ-500). Сонымен қатар қазандықтардың тозуына байланысты жылу беру сапасын арттыру барысында 1 жаңа қазандық сатып алынды. Қазандықты орнату жұмыстары жылу маусымы аяқталғаннан кейін жүргізілетін болады. Бүгінгі таңда Қарағанды облысы энергетика басқармасына қазандықты жөндеу, 2 дана желілік сорғы орнату, 2 км аса жылу желісіне жөндеу жұмыстарына бюджеттік өтінім тапсырылды.



Суық су құбырларының спутник арқылы өткізілуіне байланысты 2022-2023- ж.ж. жылу беру маусымында бірқатар ақаулы жағдайлар орын алу себебінен құбырларға жөндеу жұмыстарын жүргізуге көптеген өтініштер келіп түскен. Соған сәйкес, аталған мәселені шешу үшін ағымдағы жылы су желілерін жерастымен жүргізу жұмыстары жүргізілетін болады.



Кисунько көшесіндегі 9 қабатты тұрғын үйлердің су қысымы төмен болу мәселесін шешу мақсатында ЖБ есебінен Балқаш, Абай көшелеріндегі су құбырын ауыстыру жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Сонымен қатар, Жеңіс Бульвары көшесінде су құбырында көп апатты жағдай орын алуына байланысты жергілікті бюджет есебінен жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Ұзындығы 1 шақырымнан астам коммуналдық меншіктегі су құбыры және кәріз желілерінің авариялық учаскелерін ауыстыру

түсінікті айтып өтті. Тарата айтқанда, қазіргі уақытта қалада жастардың саны 2 767 адамды немесе қала халқының жалпы санының 21 пайызын құрайды. Есеп беру кезеңіне 377 жас жұмысқа орналастырылған. Жазғы кезеңде «Жасыл Ел» бағдарламасы және «ЭКОСАРБАЗ» жобасы аясында 95 жас жұмыспен қамтылыпты. Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025-жылдарға арналған ұлттық жоба шеңберінде облыс әкімінің грантын 2 жас кәсіпкер, қала әкімінің грантын – 7 жас және «Zhas Project» жобасы шеңберінде 3 жас кәсіпкер ұтып алған. Бұл шара 2023-жылы да жалғасын тауып, қала бюджетінен осы мақсатқа қаражат қарастырылған.

Кездесу соңында әкім Сапар Қайыркенұлы: «Атқарылған жұмыстың негізгі бағыттары және алдағы жоспарлармен таныстырып өттім. Алдағы уақытта атқаратын жұмыс та, жоспар да көп. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлығымыз бір болып, бірлесе қаламыздың көркеюіне әрқайсымыз жеке үлесімізді қосуға шақырамын! Біз бірге жаңа жетістіктерге жететінімізге сенімдімін! Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!», - деп аяқтады өз баяндамасын. Әкім кездесуге қатысқан тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға тиянақты әрі қанағаттанарлық жауап берді. Халықпен кездесу ашық әңгіме түрінде жалғасты.

Халықпен кездесу өткеннен кейін қаладағы барша мекемелер, кәсіпорындар, ұйымдар және құқық қорғау саласы басшыларымен біргелікте жеке сауалдар бойынша қабылдау ұйымдастырылды және жеке сауалдарға тиісті мекемелер басшылары мен әкім жауап қатып, сауалда айтылған мәселерді шешу бойынша күзреті бар басшыларға тапсырма берді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫ VIII ШАҚЫРЫЛЫМЫНЫҢ I СЕССИЯСЫНДА



2023-жылғы наурыз айының 30-жұлдызында сағат 16.00-де қалалық әкімдіктің мәжіліс залында Приозерск қалалық мәслихаты VIII шақырылымының I сессиясы болып өтті. Сессияға қала әкімі С.Қ.Сатаев, қаладағы кәсіпорын, мекемелер, білім, мәдениет және денсаулық салалары басшылары, жастар ұйымдары мен ақпарат құралдары өкілдері қатысты.

Сессияны Приозерск қалалық сайлау комиссиясының төрағасы А.А. Медетбекова бастап, қатысушыларды сессияның күн тәртібімен таныстырды және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 2-тармағына сәйкес қалалық мәслихаттың бірінші сессиясын қалалық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және мәслихат төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді. Сондықтан қалалық мәслихаттың сегізінші шақырылымының бірінші сессиясын ашық деп жариялады.

Биылғы жылғы 19-наурызда өткен сайлауда жеңіске жетіп, депутат болып сайланған тұлғаларды құттықтады. Одан әрі еліміздің Әнұраны орындалды.

Сессияда қалалық мәслихаттың сегізінші шақырылымының бірінші сессиясының ұйымдасқан жұмысын қамтамасыз ету мақсатында «AMANAT» партиясы Саяси кеңесінің Бюросы мен қалалық мәслихат депутаттары өкілдерінің жиналысы өткені хабарланды. Олар жұмыс органдарының құрамын және сессияның күн тәртібін алдын ала талқылаған.

Депутаттар өкілдерінің жиналысы атынан хатшылық құрамына 3 адам сайлау ұсынылады:

1. Джарылғапов Бек Танирбергенович – қалалық мәслихат депутаты;
2. Абдимуталипов Муса Жалиевич – қалалық мәслихат депутаты;
3. Есімбек Меруерт Ерланқызы қалалық мәслихат аппаратының бөлім басшысы.

Депутаттар өкілдерінің жиналысы атынан есеп комиссиясының құрамына 3 адам сайлау ұсынылады:

1. Сатыбалдин Бахтияр Сакенович – қалалық мәслихат депутаты;
2. Ахметов Мансур Талғатович – қалалық мәслихат депутаты;
3. Мақышева Шұға Бексейтовна – мәслихат аппаратының басшысы. Аталған үміткерлер бір ауыздан мақұлданып, қабылданды.

Сессияның күн тәртібіне келесі сұрақтар ұсынылады:

1. Қалалық сайлау комиссиясының хабарламасы.
2. Қалалық мәслихаттың төрағасын сайлау туралы.
3. Қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру және олардың құрамы мен төрағаларын сайлау туралы.

4. Қалалық мәслихаттың «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу туралы.

5. Қалалық мәслихаттың «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясының төрағасы туралы.

6. Қалалық мәслихаттың екінші сессиясының күн тәртібі туралы.

Осы ұсынылып отырған күн тәртібі дауыс беру арқылы бекітілді.

Сессияның күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыруда бірінші 2023-жылғы 19-наурызда өткен қалалық сайлау комиссиясының сегізінші шақырылған қалалық мәслихат депутаттарының сайлауының нәтижелері туралы хабарламасын қалалық сайлау комиссиясының төрағасы баяндады және нәтижелер жарияланып, депутат болып сайланғандарға куәлік пен төсбелгілер табыс етілді.

Күн тәртібіндегі қалалық мәслихаттың төрағасын сайлау туралы мәселеде қалалық мәслихат төрағасының кандидатурасы «AMANAT» партиясы Саяси кеңесінің бюросында және депутаттар өкілдерінің жиналысында талқыланып, Исатаев Алтай Нәсіпбекұлының кандидатурасы ұсынылғаны айтылды. Депутаттардың бір ауыздан қолдауымен Алтай

Нәсіпбекұлы Исатаев қалалық мәслихат төрағасы болып сайланды.

Приозерск қалалық мәслихаты VIII шақырылымының I сессиясы өз жұмысын жаңа төрағаның басшылығымен жалғастырды. Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы А.Н.Исатаев күн тәртібіндегі мәселелерді қарастыратынын баяндады. Онда қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құрып, сайлауы қажеттілігі айтылды. Бұл мәселе депутаттар өкілдерінің жиналысында талқыланған және депутаттар өкілдері жиналысының атынан қалалық мәслихаттың үш тұрақты комиссиясын құру туралы ұсыныс енгізілген:

1. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы және шағын орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясы;

2. Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясы;

3. Қалалық мәслихаттың әлеуметтік - мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясы. Аталған комиссиялардың саны мен атауы бойынша басқа ұсыныс болмағандықтан, ұсыныс бір ауыздан қабылданды.

Тұрақты комиссиялардың құрамы мен олардың Төрағаларын сайлау мәселесі де депутаттар өкілдерінің жиналысында қарастырылған. Тұрақты комиссиялар келесі құрам да ұсынылады.

1. Қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы және шағын орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясы:

1. Дүйсембаев Дулат Орынбасарұлы;

2. Сатыбалдин Бахтияр Сәкенұлы;

3. Ахметов Мансұр Талғатұлы комиссия құрамына еніп, депутаттар өкілдерінің жиналысы депутат Ахметов Мансұр Талғатұлын қалалық мәслихаттың бюджет, қаржы және шағын орта бизнесті дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы болып М.Т.Ахметов сайланды.

Қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына

1. Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы;

2. Әбдімүтәліпов Мұса Жәліұлы;

3. Умаров Нұрлан Шадыбайұлы.

4. Абдурахманов Ержан Нұрланбекұлы ұсынылғаны оқылып, олар бір ауыздан қабылданды. Депутаттардың қолдауымен депутат Қарабалаев Талғат Әлімжанұлы қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы етіп сайланды.

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік - мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының құрамына:

1. Жарылғапов Бек Тәнірбергеноұлы;

2. Акимова Мақпал Шаймерденовна;

3. Бейскеева Ирина Владимировна енгізіліп,

депутат Мақпал Шаймерденовна Акимова қала-

лық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы болып сайланды.

Күн тәртібіндегі келесі мәселелер бойынша қалалық мәслихаттың «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясын тіркеу туралы және қалалық мәслихаттың «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының төрағасы туралы мәселелер депутаттар өкілдерінің жиналысында қарастырылған. Аталған мәселелер бойынша депутаттар өкілдерінің жиналысы атынан қалалық мәслихаттың «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясын тіркеу және депутат Сатыбалдин Бахтияр Сәкенұлын фракциясының төрағасы етіп сайлау туралы ұсыныс енгізілгені айтылды және Б.С.Сатыбалдин фракция төрағасы болып сайланды.

Қалалық мәслихаттың ІІ-ші кезекті сессиясының келесідей күн тәртібі ұсынылады.

1. 2022-жылғы бюджетте қарастырылатын салықтық және басқа да бюджетке міндетті төленетін жоспарлы түсімдердің орындалуы туралы есебі («Приозерск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі);

2. Приозерск қаласында Қазақстан Республикасы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу нәтижесі (Приозерск қаласы әкім аппаратының терроризмге қарсы комиссия және төтенше жағдайлар бөлімі);

3. Азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар бағаларын тұрақтандыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстары туралы («Приозерск қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі);

4. Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқарған жұмысы туралы («Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі);

5. Әртүрлі мәселелер. Аталған мәселелер болынша бір ауыздан шешім қабылданды.

Келесі сөз қала әкімі Сапар Қайркенұлы Сатаевқа берілді. Қала әкімі жаңадан сайланған депутаттарды құттықтады және алдағы қызметтеріне сәттілік тіледі.

Осымен бірінші сессияның күн тәртібіндегі барлық мәселелер толығымен қарастырылды және Приозерск қалалық мәслихаттың бірінші сессиясы өз жұмысын аяқтады.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ
газеттің арнаулы тілшісі.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Өмір өз соқпағымен өтуде, уақыт көшіне ерген заман да осынау соқпақта өзгеруі, жаңаруы заңдылық. Кешегі мен бүгінгінің арасында қаншама айырмашылық бар. Өркениетке ере алмасаң, көштен кейін қаларың сөзсіз. Тәуелсіздік алғалы көптеген қиындықты бастан кештік, қиыншылықтың бәрін артқа тастап осы бүгінгі күнімізге жеттік дегенмен, 2022-жыл бізге қуанышпен келген жоқ. Ол жыл қазақ жеріне дүрбелеңмен келді. Бейбіт шерулермен басталып, ақыры қантөгіспен аяқталған «Қасіретті қаңтар» қоғамда жылдар бойы мазалаған, ашындырған кемшіліктерді, өзекті мәселелерді ашып көрсетті және сонымен қатар арамды арандатушылар бар екені де байқалды. Қасіретті қаңтар оқиғалары мен одан кейінгі төтенше жағдай кезінде түрлі құқық бұзушылықтар жасағаны үшін екі мыңға жуық адам ұсталды деген ақпарат бар. Президентіміз Бас прокуратураға олардың қандай кінәсі барын анықтауды және ауыр қылмысы болмаса, жазасын жеңілдетуді тапсырды. Соның нәтижесінде көптеген азаматтар қамаудан босатылды. Ал, нағыз қылмыс жасаған адамдар заң алдында толығымен жауап берді, себебі арандатушыларға жеңілдік жасау – жазықсыз құрбан болған жандардың аруағын сыйламау болып табылады. Бірақ осы жағдай халық пен өкімет арасын жақындатып, сенім білдіру сезімін оятқандай болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжілісте сөйлеген сөзінде: «Халқымыз үшін тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық», деп үндеу тастағаны белгілі. Осы орайда, Президент айтқан жаңа Қазақстан қандай болуы керек? Еліміз дамудың қандай бағытын ұстанғаны жөн? Жеріміздің қауіпсіздігін сақтап, халықтың әлауатын қалай көтереміз? - деген сұрақтар барлығымызды мазалайтыны анық. Осы сұрақтарға өз көзқарасымыздан жауап берсек, ең бірінші маңызды сұрақ, ол – жаңа Қазақстан қандай болуы керек? Әділетті, ауызбіршілігі мықты қоғам құру және экономикалық, әлеуметтік ахуалы тұрақты, халықпен санасын, оған есеп беріп, бірге жасайтын һәм хал-ахуалын жақсарту үшін қызмет етін егемен-

ді ел болу керек деп санаймыз.

Еліміз дамудың қандай бағытын ұстанғаны жөн? Жаңа Қазақстанда авторитарлық саяси жүйе емес, демократиялық саяси жүйе басым болуы қажет деп ойлаймыз. Елдегі сөз бостандығы мен митинг өткізу еркіндігі болса, себебі саясат ашық болған кезде халықтың мемлекетке деген сенімі артады. Сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың жұмысына шектеудің азайғаны жөн деп есептейміз. Жалпы, мемлекеттік емес ұйымдардан бөлек, жалпы қоғамдық бірлестіктерге қатысты заңды түрде шектеулер өте көп, соның азайғаны жөн болар еді. Саяси партияларға да қатысты түрлі шектеуді алып тастап, оппозиция дамуына мүмкіндік берілсе. Оппозиция болған жерде бәсекелестік болады, ал бәсекелестік бар жерде адал академиялық жүйе орнайды. Себебі үкімет халыққа қызмет етіп, әлеуметтік жағдай мәселелері тез шешімін табатын ба еді деген ойға келеміз.

Жуықта ғана болып өткен Парламент мәжілісі және мәслихаттар сайлауындағы жаңалықтар халықтың көз алдында өтіп, демократиялық құндылықтар нышаны сезілгені көңіл қуантады. Жақсылыққа да, жаңалыққа да алғашқы қадамдар жасалып жатқанын бүкіл ел көріп, біліп, сезініп отыр. Елдің әлеуметтік жағдайы жақсы болса, олар саясатты көзге ілмейді. Екі қолға бір жұмыс болса, жалқысы отбасын асырауға, дұрыс өмір сүруіне жетіп тұрса, халық қойдан жуас, бетегеден аласа...

Жеріміздің қауіпсіздігін сақтап, халықтың әлауатын, жағдайын қалай көтереміз? Бұл сұрақтардың жауабын Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев берді десек те болады, себебі осы жылы істеген іс-әрекетінің бәрі жерімізді қорғауға арналды. Халықтың әлеуметтік жағайын да ақырындап көтеріп, экономиканы түзеп келе жатқаны айқын байқалады. Осымен ойымды «көпшіліктің қолы ұзын» деген халық даналығымен аяқтақым келеді. Бәріміз бірге жұмыла еңбектенсек, ауызбіршілік болса, академиялық адалдықты сақтасақ бірге Жаңа Қазақстанға аяқ

басамыз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

БІРТУАР БИІК ТҰЛҒА (БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ МАРАТ ҚАБАНБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 75 ЖЫЛ)



Балалар жазушысы, публицист Марат Қабанбай 1948 жылы 22 наурызда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы, Ұлы-Қаратал ауылында дүниеге келген. 1975 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) журналистика факультетін аяқтайды.

Әр жылдары балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармалардың республикалық жабық бәйгесінде жүлделі орындарды жеңіп алған. Жазушы Марат Қабанбаев бірнеше кітаптың авторы. Солардың ішінде сәтті шыққан туындыларының бірі — «Айшылық алыс жол» атты романы. Роман тақырыбы жетпісінші-сексенінші жылдар аралығын қамтиды. Суреттелген оқиғалардың бәрі дерлік күнделікті өзіміз көріп, басымыздан кешіріп жүрген жайлар.

Марат Қабанбайдың шығармасы әлемдік деңгейде жоғары бағаланғаны біз үшін үлкен мәртебе және мақтаныш. 1990 жылы жазушы «Пысық болдым, мінеки!» атты хикаяты үшін «Жастарға арналған кітаптар (IBBY Honour List) жөніндегі халықаралық кеңестің құрметті тізіміне» енгізілгені туралы дипломмен, яғни Х.К

Андерсен атындағы сыйлықтың құрметті дипломымен марапатталды. Марат Қабанбай бұл сыйлықты алған тұңғыш және жалғыз қазақстандық қаламгер.

Жалпы Марат, дүниеге бала көзімен қарай білетін, сезіне білетін жазушы. Оның балаларға арналған шығармалары «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» повестері.

Қалалық кітапханамыздың балалар бөлімінде, қазақтың балалар жазушысы Марат Қабанбайдың 75 жас толуына орай әдеби кеш ұйымдастырылды. Бұл іс-шарада балаларға жазушының өмір жолы мен шығармашылығы жайлы баяндама оқылып, кітап көрмесімен таныстырылды. Көрмеге «Жиһангез Тити», «Арыстан, мен, виолончель және қасапхана» атты кітаптары қойылды.

Шын мәнінде, Марат Қабанбайдың жазған дүниесінің барлығы дерлік, бүгінгі таңда оқырман қауымға естелік. Аса құнды туынды. Мол қазына.

Ж. Қалабаева
«Приозерск қалалық кітапханасы»кмм
балалар бөлімінің
кітапханашысы.

ҮШ ЖҮЗДІҢ БАС БИИ БОЛҒАН ТӨЛЕ БИДИҢ ТУҒАНЫНА – 360 ЖЫЛ

Әлібекұлы Төле би (1663-1756) - қазақтың Тәуке, Болат, Әбілмәмбет, Жолбарыс, Абылай хандары тұсында мемлекет басқару ісіне араласқан аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана, Әз Тәуке хан құрған «Билер кеңесінің» мүшесі, атақты шешен, Ұлы жүздің төбе бии, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар кодексінің шығарушылардың бірі. Шыққан тегі Ұлы жүздің Дулат тайпасының Жаныс руынан. Шежірешілер «тоғыз ұлды Құдайберді әулетінен Төлеге дейін бай да, би де шықпаған. Олар «қарашоғыр» атанған қара шаруа болған» деген дерек береді. Төле би кезінде оқыған, ірі сауатты, халқының ақындық шешендік өнерінен тәлім алған адам. Жастайынан ел арасындағы билікке араласып, әділдішімен, шешендігімен, тапқырлығымен төңірегіне кеңінен танылады.

Төле би өз халқының шешендік-поэтикалық өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. 15-20 жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында таныла бастайды. Ол кезде қазақ пен жоңғар хандықтары үнемі жауласып жүретін. Тәуке хан өлімінен кейін Қазақ хандығы ыдырай бастады. Ұлы жүзді басқарып отырған Төле би жоңғар басқыншыларына біраз уақыт кіріптар болады. Оларға салық төлегеніне қарамастан, Төле би саяси басқаруды өз қолына алды. Қазақтардың басын біріктіріп, оларды жоңғар бұғауынан құтқаруда Төле би маңызды рөл атқарды. Кейбір мәліметтер бойынша, Төле би Абылай сұлтанның өрлеуіне де ықпал еткен. Төле би, Орта жүздің бас бии Қазыбек Келдібекұлы және Кіші жүздің бас бии Әйтеке Байбекұлы үшеуі Әз Тәукенің бас кеңесшісі болған. Төле би Тәуке ханның Түркістанды Қазақ хандығының астанасы қылу, үш жүзді бір орталыққа бағындыру, бір ғана Қазақ хандығын күшейту, туыс қазақ, қарақалпақ, қырғыз және өзбек халықтарының жоңғар-ойрат басқыншыларына қарсы әскери одағын құру туралы шараларды жүзеге асыруға белсене атсалысты. Сонымен

бірге, Төле би Ұлы жүз бен Ресей арасында байланыс орнатып, дамытуға көп еңбек сіңірді. 1749-жылы немере інісі Айтбай бастаған елшілікгі Орынбор губернаторы И.И.Неплюевке жібере отырып, ол Ресей қоластына өтуге дайын екендігін мәлімдеген. Ол 1749-жылғы 26-қыркүйектегі жауап хатында Ресейге қосылуға деген ниетін күптай отырып, екі ел арасындағы сауда байланыстарын дамытуды қолға алуды ұсынған.



Қазақ хандығының ыдырау және жоңғарлардың басқыншылық соғыстары кезеңінде Төле би басшыға тән қасиетін таныта білді. Жоңғарлар жағдайды пайдаланып, қазақ халқын жойып жібергісі, ал тірі қалғандарын қуғын-сүргінге ұшыратқысы келді. Төле би Қабанбай, Бөгенбай және Жәнібек батырлармен бірге біртұтас халық майданын құрып, азаттық жолында күрес жүргізді. Халық ауыз әдебиетінде Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталып қалған. Халық арасында Төле би айтты деген мақал-мәтелдер, нақыл сөздер кең таралды. Шымкентте, Түркістанда және Ташкентте билік басында болған Төле би сәулетті ғимараттар салуға да белсене атсалысты. Төле би есімі күллі қазақ тарихына қатысты ірі оқиғалармен тығыз байланысты. Тәуке

ханның тұсында Төле би «Билер кеңесінің» мүшесі ретінде мемлекеттік істердің оң шешілуіне айтарлықтай үлес қосқан, жыл сайын өтетеін бүкіл халықтық жиынды ұйымдастырушылардың бірі болған. Ол Орта жүздің төбе бии Келдібекұлы Қазыбекпен, Кіші жүздің төбе бии Байбекұлы Әйтекемен бірге Тәукенің Түркістан қаласын орталық етіп, үш жүз ұлыстарын бір орталыққа бағындыруға, сөйтіп бірегей Қазақ хандығын

сұлтанмен, Шақшақ Жәнібек батырмен, сондай ақ Қоқан хандығымен байланысын үзбейді. Бұл ретте жоңғардың Жетісу жерін жаулаған қолбасшыларының бірі Сары Манджаның Төле бидің үйінде өлуі де біраз жайды аңғартқандай. Төле би жоңғар билеушілерінің арасындағы тақ таласын өршіте қолдап, ежелгі жаудың іштей әлсіреуіне ықпал жасайды. Абылай хан мен Төле би таққа таласқан жоңғар нояндарын алма кезек қолдай отырып, ақырында Жоңғар хандығының құлауын қамтамасыз етеді. Бұл Төле бидің Абылай ханмен бірлесе жүргізген сырт саясатының ірі нәтижесі еді.

